

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі  
Қ. А. Өскенбаевқа**

2022 жылғы 27 сәуірде жарияланды

### Депутаттық сауал

**Құрметті Қайырбек Айтбайұлы!**

Менің депутаттық сауалым тоқыма өнеркәсібіне қатысты болып отыр.

2020 жылдың қорытындысы бойынша, тоқыма өнеркәсібі жеңіл өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің 55 пайыздан астамын немесе 71 млрд. теңгені құрады.

Ал, жеңіл өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 128 млрд. теңге болды. Жалпы алғанда, жеңіл өнеркәсіп республикадағы өңдеуші өнеркәсіптің **1,0** пайызын және жалпы ішкі өнімнің құрылымында 0,1 пайызды құрады.

Көрші мемлекет - Өзбекстанды алатын болсақ, аталған кезеңде жеңіл өнеркәсіптің үлесі **15,2** пайызды құрады. Өзбекстанда бұл салада жұмысшылардың 28 пайызға жуығы шоғырланған.

Еліміздегі тоқыма бұйымдары өндірісінің негізгі үлесі Шымкент қаласына (25%) және Түркістан облысына (31%) тиесілі.

Тоқыма өнеркәсібі халықты, әсіресе әйелдерді жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін әлеуметтік маңызы бар сала екенін ескерсек, онда осы саланың дамуына тиісінше қолдау көрсетуіміз қажет. Осындай ұсыныстар жергілікті халық пен кәсіпкерлер тарапынан өңірлерге барған іссапарымыз кезінде жиі көтерілген мәселелердің бірі болды.

Тоқыма өнеркәсібінің жұмысшыларымен болған кездесу барысында бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Соның нәтижесінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын қазіргідей қиын кезеңде қолдау мақсатында мынадай ұсыныстар әзірленді:

1. Шетел валютасының тұрақсыздығына байланысты шикізат құнының қымбаттауы салдарынан мемлекеттік тапсырысты уақтылы орындай алмаған мекемелерді абыройсыз кәсіпкерлер тізіліміне (реестр недобросовестных предпринимателей) енгізуге мораторий жариялансын.

2. Жұмыс пен тапсырыстардың болмауы, салық салымдарының төленбеуі сияқты тұрақсыздық кезінде шоттарды бұғаттауға мораторий енгізілсін.

3. Шетелдік тоқыма бұйымдарының отандық өнімнен айтарлықтай арзан бағамен әкелінуін болдырмас үшін шекарада бақылауды күшейтіп, отандық тоқыма бұйымдарын өндірушілерге қолдау көрсетілсін.

4. Тоқыма бұйымдарын өндіру бойынша кешенді жоспар құрылсын. Өнім өндірушілерге өндіріс көлемін ұлғайтуға, жұмысшыларды қайта даярлау мен оқытуға қосымша субсидия бөлінсін.

5. Ішкі нарықта тауарларлы жарнамалауға көмек көрсетілсін.

7. "Самұрық-Қазына" қорында тоқыма бұйымдарына қатысты тендерлерде қолданылатын ресейлік стандарттардың орнына жалпы мемлекеттік стандарттар әзірленсін.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы, осы ұсыныстарды жан-жақты қарастырып, тоқыма өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындарға қолдау көрсету мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» фракциясының  
депутаты**

**Ғ. Ташқараев**